

Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібін, Мемлекеттік сатып алу процесінде алынатын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді берушілерді анықтау жөніндегі конкурстық комиссия туралы ережені және конкурстық құжаттаманың нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 25 ақпан N 141. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.10. N 1268 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.10. N 1268 қаулысымен.

P981268_

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңын Z970163_ іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі;

Мемлекеттік сатып алу процесінде алынатын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді берушілерді анықтау жөніндегі конкурстық комиссия туралы ереже;

конкурстық құжаттаманың нысандары бекітілсін.

2. Мыналардың:

"Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 586 қаулысының;

"Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 шілдедегі N 925

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 32, 294-құжат);

"Құрылыста мердігерлік тендерлерді дайындау мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1056 қаулысының күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының

ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 30, 273-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 141 қаулысымен
бекітілген

Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді
мемлекеттік сатып алуды жүргізу

ТӘРТІБІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алудың осы Тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Аталған Тәртіп тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды (бұдан әрі - мемлекеттік сатып алу) жүргізудің рәсімдерін белгілейді.

3. Мемлекеттік сатып алуды жүргізудің рәсімін жүзеге асыруға кіріспей тұрып конкурсты ұйымдастырушы (тапсырысшы):

бекітілген номенклатура және сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер көлемі, сондай-ақ сатып алудың қаржыландыру көлемі негізінде мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылдауға;

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу шарттарын белгілеуге және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың әдісін таңдауға міндетті.

4. Номенклатурасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып

табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті болып саналады. Басқа жағдайларда тапсырыс беруші конкурсты ұйымдастырушы болады.

Қандай да бір біртекті тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу көлемі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған есепті көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, онда орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ведомстволық бағыныстағы мекемелері тапсырыс беруші болуға құқығы бар.

II. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Алдағы конкурс туралы хабарландыру

5. Ашық конкурс әдісімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы ресми баспасөзде заңдарда белгіленген тәртіппен хабарландыру жариялауға міндетті.

6. Мемлекеттік сатып алуды жабық конкурс әдісімен жүргізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін бір айдан кешіктірмей тұрақты өнім берушілерге хабар жіберуге міндетті.

7. Алда болатын конкурс туралы хабарландыру (жазбаша хабарлама) мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) конкурс ұйымдастырушының аты және орналасқан жері;
- 2) ұйғарылып отырған мемлекеттік сатып алудың көлемі, сапасы, номенклатурасы және тауар берілетін, жұмыстар орындалатын және қызметтер көрсетілетін орын;
- 3) тауарлар жеткізіп берудің, жұмыстар орындаудың, қызмет көрсетулердің талап етілетін мерзімдері мен кестесі;
- 4) конкурстық құжаттаманы алу орны және тәсілі;
- 5) конкурсты өткізудің орны және уақыты;
- 6) тұрақты өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары;
- 7) басқа да қажетті ақпарат.

Конкурсқа шетелдік қарымды өнім берушілер қатысады деп болжалып отырса, онда хабарландыру сонымен бірге шет тілде жарияланады.

8. Осы Тәртіптің 7-тармағы бойынша тапсырыс беруші ақпаратының кез келген өзгерісі ашық конкурс болған жағдайда дереу жариялануы немесе жабық конкурс болған жағдайда қарымды өнім берушілерге хабарлануы тиіс, бұл ретте конкурстық өтінімді тапсыру мерзімі осындай соңғы өзгерістер туралы қарымды

өнім берушіге хабарланған күннен бастап есептеледі.

Қарымды өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар

9. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өздерінің өтініштерін тапсырушы барлық қарымды өнім берушіден оның біліктілік талаптарына сай екендігін дәлелдейтін мынадай құжаттарды талап етуге құқылы:

1) кәсіби білімін, тәжірибесін, атақ-абыройын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген міндеттемелердің орындалуына қажетті қаржылық, материалдық-техникалық және еңбек ресурстары бар екендігін растайтын ұйымның бланкісіне басылған бірінші басшысының қолы қойылған хаты;

2) қарымды өнім берушілердің тауар беруге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын дәлелдейтін лицензияның және/немесе басқа да құжаттардың көшірмесі;

3) қарымды өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктің анықтамасы, қарымды өнім берушінің бюджетке, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа және Жол қорына салық және басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына жарналар төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындағаны туралы салық органының анықтамасы. Осы анықтамалар өткізілетін конкурс туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы ай бойынша беріледі.

10. Біліктілік талаптары жөніндегі ақпараттың толымсыз, дәл емес немесе жалған екені анықталған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы қарымды өнім берушіні конкурсқа қатыстырмауға құқығы бар.

11. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік талаптарын түзген кезде, егер республикада тиісті конкурстық орта бар болса, ұлттық қауіпсіздік, сондай-ақ отандық өнім өндірушілерді қолдау тұрғысынан тек қазақстандық қарымды өнім берушілермен ғана шектелуге құқылы.

Конкурсты ұйымдастырушы қарымды өнім берушіге ұсынатын конкурстық құжаттама

12. Конкурсты ұйымдастырушы әзірлеген және қарымды өнім берушіге ұсынатын конкурстық құжаттаманың белгіленген нысандарына сәйкес орындалуы және мынадай ақпараттарды қамтуы тиіс:

1) қарымды өнім берушінің осы Тәртіптің 9-тармағына сәйкес құжаттарды

беруі туралы талап;

2) қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар мен халықаралық немесе ішкі стандарттарды қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің техникалық және сапалық сипаттамалары;

3) тауарлардың саны;

4) тауарлар берілетін, жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін орын;

5) тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету мерзімдері;

6) орындалуға тиіс кез келген ілеспе қызмет көрсетулер;

7) конкурстық өтінімнің бағасы көрсетілуі мүмкін валюта немесе валюталар және конкурстық өтінімнің бағасын бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам;

8) тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің құнына қоса осы Тәртіптің 49-тармағына сәйкес басқа элементтерді конкурстық өтінімнің бағасы қамтуы керек, болмаса керек еместігін көрсетулерді қоса, өздері ұтқан конкурстық өтінім негізінде анықталатын өлшемдер тізбесі. Бұл ретте осы тәртіптің 50-61-тармақтарына сәйкес тапсырыс берушімен бірлесе отырып конкурсты ұйымдастырушы белгілейтін осы элементтерді құндық көрсеткішке келтіру проценті көрсетіледі;

9) егер конкурстың құжаттамада тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің балама сипаттамасы, балама келісімнің шарттары немесе басқа да талаптары болған жағдайда тиісті нұсқау және балама конкурстық өтінімдерді конкурстық бағалау мен салыстыру тәсілінің сипаты;

10) қарымды өнім берушінің конкурстық өтінімін қамтамасыз етуінің мазмұны мен нысаны;

11) конкурстық өтінімді тапсырудың әдісі, орны және мерзімі;

12) қарымды өнім беруші конкурстық құжаттамаға байланысты түсініктеме сұрай алатын әдістер;

13) қажет болған жағдайда конкурстық өтінім беру мерзімі

аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгертуге немесе қайтарып алуға құқығының бар екендігін көрсету;

14) конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу орны, күні, уақыты және рәсімі, сондай-ақ оларды қарау рәсімдері мен мерзімдері;

15) конкурсты ұйымдастырушының конкурстық өтінімдерді қабылдауға уәкілетті лауазымды адамдардың аты-жөні, телефоны, бөлме нөмірі, тұратын жерінің мекен-жайы.

13. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс құжаттамасын бергені үшін

конкурс ұйымдастырушының оны әзірлеуге, бастыруға және таратуға жұмсаған шығынынан аспайтын мөлшерде ақы алуға құқылы.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

14. Егер конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ақысын төлеуді талап етсе, онда мұндай талап барлық қарымды өнім берушіге қатысты болуы тиіс.

15. Конкурс өтінімнің қамтамасыз етудің мазмұны мен нысанын конкурсты ұйымдастырушы белгілейді (қамтамасыз ету мөлшері күтіліп отырған мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасының 5 процентінен аспайтын сомада белгіленеді). Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мына түрде берілуі мүмкін:

- қолма-қол ақша қаражаты;
- банк кепілдігі;
- кепіл мүлік;
- бағалы қағаздар және басқалар.

16. Конкурсты ұйымдастырушы қарымды өнім берушіге конкурс өтінімін қамтамасыз ету ақысын мынадай жағдайларда қайтарады:

- конкурс өтінімінің қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенде;
- мемлекеттік сатып алу рәсімі конкурс жеңімпазы анықталмай тоқтатылғанда;

конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімді кері қайтарып алу мүмкіндігі болған жағдайда конкурстық өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін конкурстық өтінімді кері қайтарғанда;

басқа қарымды өнім беруші конкурстың жеңімпазы болып анықталса.

17. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ақысы осы Тәртіптің 16-тармағында жағдайлардың бірі пайда болған сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қайтарылады, ал конкурс жеңімпазының конкурстық өтінімін қамтамасыз ету ақысы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде қайтарылады. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету ақысының арналған конкурсты ұйымдастырушыда болған кезеңі үшін оларға проценттер есептелмейді.

18. Егер қарымды өнім беруші:

конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық өтінімді кері қайтарса немесе өзгертсе;

конкурстық құжаттамада қарастырылмаған жағдайда, конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін конкурстық өтінімді кері қайтарса немесе өзгертсе;

конкурс жеңімпазы деп анықталғанымен мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаса, конкурсты ұйымдастырушы қарымды өнім берушіге ол төлеген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтармайды.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру

19. Қарымды өнім беруші конкурс өтінімін берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейінгі 10 күннен кешіктірмей конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуға құқылы. Конкурсты ұйымдастырушы қарымды өнім берушінің осындай сұрауына үш күн мерзім ішінде жауап беруге және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпей конкурс ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы берген барлық қарымды өнім берушіге осындай түсіндірме беруі тиіс.

20. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытта өз бастамасымен, не қандай да бір қарымды өнім берушінің тарапынан жіберілген түсіндірме беру туралы сауалға жауап ретінде толықтыру шығару арқылы конкурстық құжаттаманы өзгертуге құқылы. Толықтыру дереу (яғни ол қабылданған күні) конкурсты ұйымдастырушы конкурс құжаттамасын берген барлық қарымды өнім берушіге хабарланады және оның мұндай қарымды өнім берушілер үшін міндетті күші болады, бұл ретте конкурс құжаттамасын беру мерзімі осындай толықтырулар туралы қарымды өнім берушіге жазбаша хабарлаған күннен бастап есептеледі.

Конкурсты өтінім

21. Қарымды өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға ұсынатын конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың белгіленген нысандарына сәйкес орындалуға және мынадай ақпараттарды қамтуға тиіс:

1) техникалық маманданымдарды, жоспарлады, сызбаларды, нобайлар мен халықаралық және ішкі стандарттарға сілтемелерді қоса алғанда, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің техникалық және сапалық сипаттамалары;

2) тауар саны;

3) тауарлар берілетін, жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін орын;

4) тауарларды берудің, жұмысты орындаудың, қызметтер көрсетудің мерзімдері;

5) тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің бағасы;

6) конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес басқа да қажетті ақпараттар.

22. Қарымды өнім беруші конкурстық өтінімді жабық конвертте, конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде ұсынады.

23. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзім ішінде күшінде болады.

24. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімнің күшінде болған мерзімі аяқталғанға дейін қарымы өнім берушіден қосымша нақты уақыт кезеңіне осы мерзімді ұзартуды өтіне алады. Қарымды өнім беруші мұндай сұрау салуды конкурстық өтінімді қамтамасыз етуге өздері өткізген ақыны қайтарып алу құқығын жоғалтпай-ақ бас тарта алады және оның конкурстық өтінімнің күшінде болу мерзімі ұзартылмаған қолданылу мерзімі біткеннен кейін аяқталады.

25. Егер конкурстық құжаттамада мұндай мүмкіндік қарастырылған болса, онда қарымды өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуге өздері өткізген ақыны қайтарып алуға құқығын жоғалтпай-ақ конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін. Егер конкурсты ұйымдастырушы қайтарып алу туралы мұндай өзгерісті немесе хабарламаны конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзіміне дейін алған болса, онда оның күші бар болып табылады.

26. Қарымды өнім беруші конкурстық өтініммен бірге:

егер мұндай талап конкурстық құжаттамада көзделген болса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді;

қарымды өнім берушінің кәсіптік талаптарға сәйкестігін растайтын құжатты ұсынуға тиіс.

27. Конкурсты ұйымдастырушылар осы Тәртіптің 22 және 26-тармақтарының талаптарын бұза отырып ұсынылған конкурстық сұраныстарды қарамауға құқылы.

Конкурстық өтінімдерді конкурстық комиссияның қарауы
және конкурс жеңімпазымен мемлекеттік сатып алу
туралы шарт жасасу

28. Конкурстық өтінімдерді қарауды қамтамасыз ету және конкурс жеңімпазын айқындау үшін конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен конкурс комиссиясы туралы ережеге сәйкес

жұмыс істейтін конкурстық комиссияны құрады.

29. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия конкурстық құжаттамада белгіленген күнде және сағатта конкурстық өтінімдерді ұсынған барлық қарымды өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашады.

30. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу рәсімінде қатысушыларға конкурстық өтінім ұсынған қарымды өнім берушілердің атауы мен алған орнын және олар ұсынған конкурстық өтінімдердің бағаларын хабарлайды.

31. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер бар конвертті ашқан күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде конкурсты қорытындылайды.

32. Конкурстың қорытындысы конкурстық комиссия мен конкурс жеңімпазы қол қоятын конкурстық құжаттаманың белгіленген нысандарына сәйкес конкурстық комиссия отырысының хаттамасы түрінде ресімделеді. Аталған хаттамада:

конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері;
осы Тәртіптің 34-тармағында көзделген жағдайда ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейін артықшылықты болып қабылдануы мүмкін олардың басымдығы тәртібіндегі конкурсқа қатысушылардың атауы мен орналасқан жері;

мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылуға тиісті 15 күннен аспайтын, конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап есептелетін мерзімі көрсетіледі.

Егер конкурс осы Тәртіптің 11-тармағына сәйкес қатысушылардың шектеулі санымен өткізілетін болса, онда хаттамада мұндай шешімнің негіздемесі көрсетіледі.

33. Тапсырыс беруші конкурс жеңімпазы деп танылған қарымды өнім берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шарттың конкурстық құжаттаманың белгіленген нысандарына сәйкес әзірленген жобасын жібереді.

34. Егер конкурс жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шартқа конкурс комиссиясы отырысының хаттамасында мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қою үшін белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырыс берушінің аталған мерзім өткеннен кейінгі 7 күннен кешіктірмей осы Тәртіптің 32-тармағына сәйкес конкурстық комиссия отырысының хаттамасында көрсетілген, ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейін неғұрлым артықшылықты деп танылған конкурстық басқа қатысушысымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға құқығы бар. Бұл ретте мемлекеттік сатып алулар туралы шартта конкурсқа қатысушыны тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші ретінде таңдап алудың

себептері мен негіздемесі көрсетіледі.

35. Тараптардың мемлекеттік сатып алу туралы шартқа конкурс жеңімпазы айқындалған талаптардан өзгеше қандай да бір өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.

III. ОБЪЕКТІНІ САЛУ НЕМЕСЕ ЖӨНДЕУ КЕЗІНДЕ КОНКУРС НЫСАНЫН ТАҢДАУ

36. Егер мемлекеттік сатып алу объектісі қандай да бір объектіні салу немесе электр энергиясын қоса алғанда, өнеркәсіп объектілерінің негізгі және/немесе көмекші жабдықтарын жөндеу болып табылса, конкурсты ұйымдастырушы нақтылы сатып алу шарттарына сүйене отырып, конкурстың мынадай үлгілерінің бірін белгілеуі керек:

1) жобалау жұмыстарына, жабдықтарды беруге, құрылыс-монтаж немесе жөндеу жұмыстарына жекелеген конкурстар;

2) жабдықтарды жеткізу мен құрылыс-монтаж жұмыстарын қоса алғанда, жобалау жұмыстары мен объектілерінің құрылыстарына жекелеген конкурстар;

3) құрылыс объектілерін даяр қалпында тапсыруға конкурс.

37. Егер салынуға тиісті объект кең таралған болса (мысалы, мектеп, аурухана, балабақша, қойма үйлері, қуаттылығы 10 кВТ және одан төмен шағын электр станциялары, электр энергиясын қоса алғанда өнеркәсіп объектілерінің негізгі және/немесе көмекші жабдықтарын жөндеу және т.б.), осы Тәртіптің 36-тармағының 1-тармақшасы бойынша өткізілетін конкурстың нысаны қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайда конкурсты ұйымдастырушы жабдықтар беруге және жобалау жұмыстарына жекелеген конкурстар, одан кейін, құрылыс-монтаж жұмыстарына конкурс өткізеді. Бұл ретте қосу-реттеу жұмыстары жабдықтар беру конкурсына немесе құрылыс монтаж жұмыстарының конкурсына енгізіледі.

38. Осы Тәртіптің 36-тармағының 2-тармақшасы бойынша конкурстың нысаны, егер салынуы қажет объект мамандандырылған (мысалы, шағын және орташа қуаттардың өндірістік үй-жайы, қуаттылығы 10 кВ астам шағын электр станцияларын, шағын және орта қуаттарды және т.б. іске қосу) болып табылатын болса қолданылады. Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы жабдықтарды жеткізу мен құрылыс-монтаж жұмыстарын қоса алғанда, жобалау жұмыстары мен объектіні салуға жеке конкурстар өткізеді.

39. Осы Тәртіптің 36-тармағының 3-тармақшасы бойынша конкурстық нысаны, егер, салынуы қажет объект арнаулы және ірі немесе сирек (мысалы, қуаты үлкен өндірістік үй-жай, үлкен қуатты өндірістік объектінің немесе оның кезектерінің бірінің құрылысын салу, көпірлердің, газ және мұнай құбырларының және т.б. құрылысын салу) болып табылатын болса қолданылады.

Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы объектіні даяр қалпында салуға конкурс өткізеді.

40. Конкурсты ұйымдастырушы объектінің құрылысын салуға конкурс жариялаған кезде сатып алудың нақты шарттарына сүйеніп, конкурстың нысанын дербес таңдайды. Бұл ретте конкурстық құжаттамалар мен конкурстың қорытындысы туралы хаттамада конкурстың сол немесе өзге де нысанын қолдануға негіздеме келтірілуі тиіс.

41. Аймақтық сипаты бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтер көрсетулерді (мысалы, тез бүлінетін тағам өнімдері, көмір, құрылыс материалдары және т.б.) мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс өткізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы аймақтар бойынша жекелеген конкурстар өткізуге құқылы.

IV. КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРУ

42. Конкурстық комиссия осы Тәртіптің 21-тармағының шартты талаптарына сәйкес келетін конкурстық өтінімдерді ғана қарауға қабылдайды.

43. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру кезінде қарымды өнім берушіден конкурстық өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін конкурстық өтінімдерге байланысты түсіндірме ұсынуды сұрай алады.

44. Конкурстық комиссия конкурстық мәлімдемені, егер онда конкурстық құжаттамада мазмұндалған сипаттарды, шарттарды және өзге де талаптарды айтарлықтай өзгертпейтін немесе айтарлықтай ауытқушылық болып табылмайтын шағын ауытқушылық болса немесе егер онда конкурстық мәлімдеменің мәнін қозғамастан түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса конкурстық мәлімдемені формальды талаптарға жауап беретін ретінде қарай алады. Кез келген мұндай ауытқушылық мүмкіндігіне қарай сандық жағынан көрсетіледі және конкурстық өтінімді бағалау және салыстыру кезінде ескеріледі.

45. Шартты талаптарға жауап бермейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіруге ешқандай сұраныстарға, ұсыныстарға жасауға немесе рұқсат етулерге жол берілмейді.

46. Конкурстық комиссия, егер аталған конкурстық өтінім осы Тәртіптің 44-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда шартты талаптарға жауап бермейтін болса конкурстық өтінімнен бас тартады.

47. Конкурстық комиссия конкурстың жеңімпазын айқындау үшін барлығына өзге тең жағдайлар кезінде бағаны төмендетуге арналған аукцион түрінде қарымды өнім берушілер арасында конкурс өткізуге құқылы.

48. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін қабылданған конкурстық өтінімдерді бағалайды және салыстырады және ең төменгі бағаның негізінде немесе бағадан басқа осы Тәртіптің 12-тармағының 8-тармақшасында көзделген басқа да элементтерді ескере отырып, жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.

49. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалау және

салыстыру кезінде конкурстық өтінімнің бағасынан басқа мына элементтерді:

- 1) конкурстық өтінімдерде ұсынылған жеткізу кестесін;
- 2) конкурстық өтінімдерде ұсынылған төлем шарттарын;
- 3) жабдықты пайдаланудың кепілді мерзімінің ішінде болжанған пайдалану шығыстарын;
- 4) ұсынылатын жабдықтың пайдалану сипаты мен өнімділігін;
- 5) сатып алынған жабдықта экспорттық мақсаттағы өнімдерді өндірудің мүмкіндігін;
- 6) Қазақстан Республикасының шикізат, өндіріс және еңбек ресурстарын пайдаланудың жалпы арасалмағын;
- 7) Қазақстан Республикасының экономикасына және/немесе әлеуметтік саласына инвестициялар тартуды;
- 8) шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетуді;
- 9) Қазақстан Республикасында жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруды;
- 10) Қазақстан Республикасының басқару, ғылыми және өндірістік кадрларын даярлауды ескере алады.

Конкурстық комиссия осы тармақта көрсетілген элементтердің осы Тәртіптің 50-61-тармақтарына сәйкес айқындалған, барлық қарымды өнім берушілерге бірдей мөлшерде қолданылатын конкурстық өтінімдердің бағасына әсерін айқындайды.

50. Егер конкурстық өтінімде конкурстық құжаттамада мәлімделген тапсырысшымен салыстырғанда берудің неғұрлым кешірек мерзімі көзделсе, онда конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер құнын белгілі бір процентінің негізінде (талап етілгенмен салыстырғанда кешіктірудің әрбір аптасы үшін 0-ден 2 процентке дейін ұсынылады) бұл кешіктіруді ақшалай түрде білдіруге және берудің неғұрлым жай мерзімі бар конкурстық өтінімнің бағасына қосуы тиіс.

Аталған рәсім берудің неғұрлым кешірек мерзімдерін көздейтін әрбір конкурстық өтінімге жеке қолданылады. Мерзімінен бұрын бергені үшін ешқандай жеңілдік көзделмейді.

51. Тапсырыс беруші конкурстық құжаттамада төлемнің шарттарын мәлімдеуі тиіс және конкурстық ұсыныс төлемінің базалық шарттарының негізінде бағалауы қажет. Сонымен бірге, конкурстық комиссия қарымды өнім берушілерге төлемнің баламалы шарттарын ұсынуға рұқсат бере алады, бұл ретте қарымды өнім беруші ол бұндай жағдайда қандай бағалық жеңілдіктерді ұсына алатындығын көрсетуі тиіс.

52. Қарымды өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде жабдықты пайдаланудың кепілдікті мерзімі ішіндегі пайдалану шығындарын көрсетуі және оларды есептермен растауы тиіс. Конкурстық комиссия пайдалану шығыстарының құны ең төменгі конкурстық өтінімді айқындауы және басқа конкурстық өтінімдердің бағасына әрбір конкурстық өтінімнің пайдалану шығыстарының құны пайдалану шығыстарының ұсынылып отырған ең төменгі құнынан асатын процентті қосуы тиіс.

53. Қарымды өнім беруші берілетін тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің конкурстық құжаттамалардың техникалық шарттарымен сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, оның ішінде ұсынылатын жабдықтың пайдалану сипаттамасына кепілдік берілетін кезеңді көрсетуі тиіс. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімнің бағасына, егер конкурстық өтінімде ұсынылған кепілдік кезеңі конкурстық құжаттама мәлімделген базалық кезеңнен аз болған жағдайда конкурстық өтінімнің бағасына белгіленген процент (әр жыл үшін 0-ден 3 процентке дейін ұсынылады) қосуы немесе кепілдік берілген кезең базалықтан көп болса алып тастауы тиіс.

54. Егер конкурстық өтінімде сатып алынатын жабдықта экспортқа өндірілетін тауарларды берудің кепілдік берілген мүмкіндігі ұсынылса, онда конкурстық комиссия мұндай конкурстық өтінімнің бағасын белгіленген процентке (0-ден 3 процентке дейін ұсынылады) кемітеді.

55. Егер конкурстық өтінімде конкурстық өтінімдердің бағасының 30 және одан астам мөлшерінде Қазақстан Республикасының шикізаттық, өндірістік және /немесе еңбек ресурстарына пайдалану ұсынылса, онда конкурстық комиссия мұндай конкурстық өтінімдердің бағасын белгіленген процентке (0-ден 3 процентке дейін ұсынылады) кемітеді.

56. Егер конкурстық өтінімде 1000000 млн. америка долларына баламды мөлшерде Қазақстан Республикасының экономикасын және/немесе әлеуметтік саласын инвестициялауды кепілдендірілген жүзеге асыру ұсынылса, онда конкурстық комиссия мұндай конкурстық өтінімдердің бағасын белгіленген процентке (0-ден 3-процентке дейін ұсынылады) кемітеді.

57. Егер конкурстық өтінімде құны конкурстық өтінімдер бағасының 30 және одан астам проценті мөлшерінде Қазақстан Республикасында жаңа өндірістік және жұмыс орындарын құру ұсынылса, онда конкурстық комиссия мұндай конкурстық өтінімдердің бағасын белгіленген процентке (0-ден 3 процентке дейін ұсынылады) кемітеді.

58. Егер конкурстық өтінімде конкурстық өтінімнің бағасының 10 және одан астам проценті мөлшерінде Қазақстан Республикасында басқару, ғылыми және/немесе өндіріс кадрларын даярлауды жүзеге асыру ұсынылса, онда конкурстық комиссия мұндай конкурстық өтінімнің бағасын белгіленген процентке (0-ден 0,1 процентке дейін ұсынылады) кемітеді.

59. Осы Тәртіптің 44-тармағында көзделген жағдайларда конкурстық комиссия конкурстық өтінімнің бағасын белгіленген процентке (0-ден 0,5 процентке дейін ұсынылады) арттыруы тиіс.

60. Егер конкурстық құжаттамада мұндай көзделсе тауарларды беруге арналған конкурстық өтінімдерді қарау мен бағалау кезінде конкурстық комиссия жергілікті қарымды өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағасын Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларды беру кезінде шетелдерден осындай тауарларды әкелуді ұсынатын шетелдік қарымды өнім берушілермен салыстырғанда салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуді көрсететін белгілі бір процентке азайта алады (0-ден 10 процентке дейін ұсынылады).

61. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді сандық бағалау үшін осы Тәртіптің 48-60-тармақтарына сәйкес әрбір конкурстық өтінімнің бағасы мен басқа элементтердің әсерін ақшалай түрде жинақтайды. Жиынтық бағасы төмен конкурстық өтінім жеңіп шыққан болып саналады. Бір немесе бірнеше конкурстық өтінімнің жиынтық бағасы тең болған жағдайда неғұрлым жақсы пайдалану сипаттамасы мен өнімділігі бар жабдықтарды ұсынатын конкурстық өтінімге артықшылық беріледі.

62. Басқа элементтердің конкурстық өтінімнің бағасына жиынтық проценттік әсер ету осы Тәртіптің 50, 52-59-тармақтарына сәйкес 10 проценттен аспауы тиіс.

V. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР ЖАСАСУ

63. Осы Тәртіптің 61-тармағына сәйкес конкурстық өтінімі жеңіп шыққан деп танылған тапсырысшы және жеткізуші (не осы Тәртіптің 34-тармағына сәйкес ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейінгі біршама тартымды деп танылған жеткізуші) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және конкурстық құжаттамаларда көзделген шарттарда және осы

Тәртіптің 32 және 34-тармақтарында белгіленген мерзімдерде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

64. Егер конкурстық құжаттамада ондай көзделсе тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқанға дейін өнім берушіден осы Тәртіптің 9-тармағының 3-тармақшасына сәйкес біліктілік талаптарына өзінің сәйкестігін растауды талап ете алады.

VI. АШЫҚ КОНКУРС

65. Ашық конкурс мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі тәсілі болып табылады.

66. Ашық конкурс өткізудің рәсімі осы Тәртіптің I-V тарауларында көрсетілген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

67. Ашық конкурс:

1) қарымды өнім берушілерден олардың бағаларын көрсетпестен тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттарына қатысты ұсыныстар сұратуды, берілген ұсыныстарға талдау жүргізуді және қажет болған жағдайда мұндай конкурстық өтінімді ұсынушы қарымды өнім берушілермен келіссөздер жүргізуді;

2) ұсынысы тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің берілген техникалық, сапалық және өзге де сипаттамаларына сәйкес келеді деп танылған қарымды өнім берушілердің олардың бағасын көрсетуі арқылы конкурстық өтінім енгізуін қамтитын екі кезеңді рәсімді пайдалану арқылы өткізілуі мүмкін.

68. Екі кезеңді рәсімді пайдалану арқылы ашық конкурс:

1) талап етілетін тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің егжей-тегжейлі техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамасын айқындау және қалыптастыру қиын болған;

2) ғылыми зерттеулер, эксперименттер, зерделеулер немесе

әзірлеулер жүргізу мемлекеттік сатып алудың объектісі болып танылған;

3) бір кезеңді ашық конкурс оның жеңімпазын айқындауға әкеп соқпаған жағдайларда өткізіледі.

69. Ашық конкурсты өткізудің қорытындысы ол өткізілген күннен бастап 10 күннен кешіктірілмей ресми баспасөзде жариялануы тиіс және

жарияланым мынадай ақпаратты:

- 1) конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жерін;
- 2) сатып алынатын тауарлардың атауы мен көлемін, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің құнын;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алудың жалпы құнын қамтуы тиіс.

VII. ЖАБЫҚ КОНКУРС

70. Жабық конкурс:

- 1) тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер олардың жоғары немесе мамандандырылған сипаты себебі бойынша қарымды өнім берушілердің шектеулі санында ғана және мұндай қарымды өнім берушілер белгілі болған;
- 2) конкурстық өтінімдердің көп санын қарау және бағалау үшін қажет уақыт пен шығыстар сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің құнынан айтарлықтай асып кететін;
- 3) мемлекеттік сатып алу құпиялық режим белгілейді қажет ететін жағдайларда өткізіледі.

71. Жабық конкурс өткізудің рәсімдері осы Тәртіптің I-V тауарларында белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

72. Жабық конкурс:

- 1) қарымды өнім берушілерден олардың бағаларын көрсетпестен тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамаларына қатысты ұсыныстарды, берілген ұсыныстарға талдау жүргізуді және қажет болған жағдайда мұндай конкурстық өтінім берген қарымды өнім берушімен келіссөздер жүргізуді;
- 2) ұсынысы тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің берілген техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамаларына сәйкес келетін қарымды өнім берушілердің олардың бағаларын көрсету арқылы конкурстық өтінім енгізуі қамтитын екі кезеңдік рәсімдерді пайдалану арқылы өткізілуі мүмкін.

73. Екі кезеңді рәсімді пайдалану арқылы ашық конкурс:

- 1) талап етілетін тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің егжей-тегжейлі техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамасын айқындау және қалыптастыру қиын болған;
- 2) ғылыми зерттеулер, эксперименттер, зерделеулер немесе әзірлеулер жүргізу мемлекеттік сатып алудың объектісі болып табылған;

3) бір кезенді ашық конкурс оның жеңімпазын айқындауға әкеп соқпаған жағдайларда өткізіледі.

74. Ашық конкурсты өткізудің қорытындысы олар өткізілген күннен бастап 10 күннен кешіктірілмей ресми баспасөзде жариялануы тиіс және жарияланым мынадай ақпаратты:

- 1) конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жерін;
- 2) сатып алынатын тауарлардың атауы мен көлемін, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің құнын;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алудың жалпы құнын қамтуы тиіс.

Жабық конкурсты өткізудің қорытындысы жабық конкурс осы Тәртіптің 73-тармағының 3-тармақшасына сәйкес өткізілсе жарияланбайды.

VIII. БАҒАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАРҒА СҰРАНЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ КОНКУРС

75. Бағалық ұсыныстарға сұранымды пайдалану арқылы конкурс жабық конкурстың нысандарының бірі болып табылады және қарымды өнім берушілерде бір тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу үшін жүзеге асырылады және бұл реттегі мұндай сатып алулардың айтарлықтай шарты тек баға болып табылады. Ақпарат көзі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалық хабарландырулар, фирмалардың прайс-парақтары және т.б. пайдаланыла алады.

76. Бағалық ұсыныстарға сұранымды пайдалану арқылы конкурс қандай да болмасын бір тектес тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алудың көлемі құндық тұрғысында тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген есепті көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайларда ғана қолданылады.

77. Бір қаржы жылының ішінде біртектес тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу кезінде олардың кемінде біреуінің мөлшері осы қаржы жылына арналып Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген есепті көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен кем болуы үшін олардың көлемдерін бөліктерге уақтауға тиім салынады.

IX. БІР КӨЗДЕН МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ

78. Бір көзден мемлекеттік сатып алу конкурстық рәсімді қолданусыз сатып алу болып табылады:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер тек қандай да болмасын нақты қарымды өнім берушіде ғана болған немесе қандай да болмасын қарымды өнім беруші сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызмет көрсетулерге қатысты айрықша құқықтарға ие болған;

2) төтенше жағдайлардың пайда болуының салдарынан нақты тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алуға жедел қажеттілік пайда болған және мұндай сатып алуды конкурстық тәсілмен жүзеге асыру үшін жеткілікті уақыт болмаған;

3) қандай да болмасын берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алған тапсырыс беруші бірдейлендіру, стандарттау немесе осы сатып алынған тауарлармен, жұмыстармен, қызмет көрсетулермен үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін сол берушіден басқа да сатып алулар жүргізудің қажеттігін айқындаған жағдайларда жүзеге асырылады.

79. Тапсырысшының бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мұндай берушіден бұл беруші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің бағасына барлық қажетті негіздемені сұратуға құқығы бар.

80. Тапсырысшы бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүргізудің қорытындысы бойынша конкурстық құжаттаманың белгіленген нысандарына сәйкес сатып алу туралы хаттама ресімдеуі тиіс.

X. ҚОРҒАНЫСТЫҢ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ

81. Қорғаныстың, құқық қорғаудың және ұлттық қауіпсіздіктің қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін құпиялық режимін белгілеуді қажет ететін жағдайларды қоспағанда осы Тәртіптің I-IX тарауларында белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі.

82. Құпиялық режимін белгілеуді қажет ететін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайда мұндай сатып алулар ақпаратты қорғаудың талаптарын сақтау арқылы жабық конкурстың тәсілімен жүзеге асырылады.

XI. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

83. Конкурсты ұйымдастырушы шағын кәсіпкерлік субъектілерін

мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру мақсатында тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурстар ұйымдастырған кезде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алуды ұйымдастыру үшін мұндай сатып алулардың жалпы көлемінің 10 процентіне дейін резервтендіруді көздеуі тиіс.

84. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне сатып алу шағын кәсіпкерлік субъектілерінен жүзеге асырылуы тиіс тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер түрлерінің номенклатурасы мен олардың көлемдері бойынша ұсыныс енгізеді.

85. Қазақстан Республикасының Үкіметі сатып алу шағын кәсіпкерлік субъектілерінен жүзеге асырылуы тиіс тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер түрлерінің номенклатурасы мен олардың көлемдерін бекіткеннен кейін конкурсты ұйымдастырушы бекітілген номенклатура мен көлемдер бойынша конкурстар өткізеді. Мұндай конкурстарға қатысуға тек шағын кәсіпкерлік субъектілері ғана шақырылады.

86. Шағын кәсіпкерлік субъектілері арасында конкурстар ұйымдастырудың және өткізудің рәсімдері қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарту арқылы осы Тәртіптің I-IX тарауларына сәйкес жүзеге асырылуы және бұқаралық ақпарат құралдарында кейіннен жариялануы тиіс.

87. Егер ашық конкурсты ұйымдастыру кезінде конкурстық өтінім

берген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қатарынан қарымды өнім берушілердің саны үштен кем болған жағдайда, онда конкурсты ұйымдастырушы шағын кәсіпкерлік субъектілерінен ғана емес басқалардан да көзделген сатып алуларды жүзеге асыруға құқылы.

88. Егер жабық конкурс ұйымдастыру кезінде жіберілген сұрауларға жауап ретінде конкурстық өтінімдер алынбаған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы шағын кәсіпкерлік субъектілерінен ғана емес басқалардан да көзделген сатып алуларды жүзеге асыруға құқылы.

XII. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

89. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың атқарылуына бақылау жасауды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырады.

90. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу немесе оны атқару процесінде тапсырысшы мен берушінің арасында пайда болған барлық

даулар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шешіледі.

91. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылар мемлекеттік сатып алу туралы заңдарды бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 141 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік сатып алу процесінде алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді берушілерді анықтау жөніндегі конкурстық комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

1. Мемлекеттік сатып алу процесінде сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді берушілерді анықтау жөніндегі конкурстық комиссия туралы осы Ереже "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу процесінде сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді берушілерді анықтау жөніндегі конкурстық комиссияны (бұдан әрі - конкурстық комиссия) ұйымдастырудың тәртібін белгілеу және оның қызметін реттеу мақсатында әзірленді.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2. Конкурстық комиссия конкурстар өткізу және оның жеңімпазын анықтау үшін құрылады.

3. Конкурстық комиссия мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментінің (ведомстводан тыс), жанындағы орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы мекемелерінің (ведомстволық) жанынан құрылады.

4. Конкурстық комиссиялардың қызметкерлері мен сандық құрамын жанынан

конкурстық комиссия құрылған органдардың бірінші басшылары бекітеді.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментінің жанындағы конкурстық комиссияның құрамына Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменттің қызметкерлері, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің өкілі, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың басшылары және/немесе мамандары кіреді.

6. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы мекемелерінің жанындағы конкурстық комиссиялардың құрамына осы органдардың басшылары мен мамандары, сондай-ақ келісім бойынша - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментінің өкілдері кіреді.

7. Конкурстық құжаттаманы дайындаған кезде конкурстық комиссия тапсырысшымен бірлесе отырып Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібіне сәйкес бағаға жатпайтын элементтердің конкурстық өтінімнің бағасына ықпал ету проценттерін анықтайды.

II. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

8. Конкурс өткізуді бастағанға дейін конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушы дайындаған конкурстық құжаттамамен танысуға тиіс.

9. Конкурстық өтініштері бар конверттерді ашқан кезде конкурстық комиссия қатысушы тұлғаларға қарымды өнім берушілердің атауы мен конкурстық өтінімдердің бағаларын жариялайды.

10. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер бар конверттер ашылған күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібіне сәйкес конкурстық өтінімдерді бағалайды және конкурсты қорытындылайды. Конкурстық өтінімдерді қараған және оларды бағалаған кезде дауыс саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының немесе оның орнындағы адамның дауысы шешуші орган болып табылады.

11. Конкурстың қорытындысы Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібіне және Конкурстық құжаттаманың нысандарына сәйкес конкурстық комиссияның мүшелері мен конкурстық жеңімпазы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді. Бұл хаттамада:

конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері;

Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібінің 34-тармағында көзделген жағдайда ұсынысы конкурстың жеңімпазынан кейінгі артықшылықты олардың басымдылығы тәртібімен

конкурсқа қатысушылардың атауы мен орналасқан жері;

мемлекеттік сатып алулар туралы шартқа қол қойылуға тиісті, конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап санағанда 15 күннен аспайтын мерзім көрсетіледі.

III. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

12. Конкурстың комиссия конкурсқа қатыстыру үшін қабылданған конкурстық өтінімдерге баға береді, салыстырады және жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтайды. Конкурстық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

13. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдердің қаралуын, бағалауын және салыстырылуы жеңілдету үшін қарымды өнім берушілерден олардың конкурстық өтінімдеріне байланысты түсініктемелер сұратуға құқылы. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, шартты талаптарға жауап бермейтін конкурстық өтінімді өткізу үшін ешқандай сұрау салуға, ұсыныс жасауға немесе рұқсат етуге жол берілмейді.

14. Қарымды өнім берушілер ұсынған барлық өзге тең жағдайларда конкурстық комиссия жеңімпазды анықтау үшін конкурсты, бағаны төмендету мақсатындағы аукцион түрінде өткізуге құқылы.

15. Конкурстық комиссия, егер конкурстық өтінімде конкурстық құжаттамада баяндалған сипаттамаларды, шарттарды және өзге де талаптарды айтарлықтай өзгертпейтін және олардан шегіну болып саналмайтын, елеусіз ауытқушылықтар болса, немесе егер онда, конкурстық өтінімнің мәнісіне тиіспей, жөндеуге болатын грамматикалық және арифметикалық қателер бар болса, оны талаптарға сай келеді деп қарауға құқылы.

16. Конкурстық комиссия, егер:

1) конкурстық өтінімді ұсынған қарымды өнім беруші Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібінің 9 және 12-тармақтарында көрсетілген біліктілік талаптарына сай болмаса;

2) конкурстық өтінім осы Ереженің 15-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда, қарапайым талаптарға жауап бермесе, конкурстық өтінімді қабылдамауға құқылы.

17. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерге баға беру үшін қажет болған кезде техникалық сарапшыларды қатыстыруға құқылы.

Үкіметінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 141 қаулысымен
бекітілген

КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАНҢ НЫСАНДАРЫ

Төменде берілген конкурстық құжаттаманың нысандары Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурстар (аукциондар, сауда-саттықтар, тендерлер) ұйымдастыру және өткізу кезінде пайдаланылатын құжаттарды жүйелеу мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңдарына сәйкес әзірленген және мынадай құжаттардың нысандарын қамтиды:

1) конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді) ұйымдастырушы ресми баспасөзде жариялайтын мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс (аукцион, сауда-саттық, тендер) өткізу туралы хабарландыру (1-қосымша);

2) конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес қарымды өнім беруші дайындайтын және конкурсты (аукциондарды, сауда-саттықты, тендерді) ұйымдастырушыға ұсынатын конкурстық өтінім (2-қосымша);

3) қарымды өнім беруші конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді) ұйымдастырушыға ұсынатын конкурстық өтінімнің құрамына кіретін қарымды өнім беруші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің бағаларының кестесі (3-қосымша);

4) хаттамалар:

тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналып Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген 1000-нан астам есепті көрсеткіштер сомасына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ресімделетін конкурстық комиссияның отырысы (4-қосымша);

тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналып Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген 1000-нан аз есепті көрсеткіштер сомасына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ресімделетін конкурстық комиссияның отырысы (5-қосымша);

бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ресімделген тапсырыс берушінің отырысы (6-қосымша).

1-қосымша

Мемлекеттік сатып алу жөнінде

конкурс (аукцион, сауда-саттық, тендер)
өткізу туралы хабарландыру

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) мынадай түрлерін мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс (аукцион, сауда-саттық, тендер) өткізу туралы хабарлайды:

тауарларды берудің (жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетудің)

көлемін сапасын, номенклатурасын, орнын және мерзімін көрсету

арқылы сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер)

туралы қысқаша сипаттама беру керек

Осы конкурсқа (аукционға, сауда-саттыққа, тендерге) мынадай біліктілік талаптарына жауап беретін барлық заңды және жеке тұлғаларға рұқсат етіледі:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі

заңдарына сәйкес конкурсқа (аукционға, сауда-саттыққа, тендерге)

қатысушыларға ұсынылатын біліктілік талаптары көрсетілуі керек

Конкурстық құжаттардың пакетін _____
_____ алуға болады.

конкурстық құжаттамаларды алудың мерзімі, орны
және тәсілі көрсетіледі

Өтінімдер _____
өтінімдер берілетін мерзім, уақыты және мекен-жайы,

анықтама алу үшін байланыс телефондары көрсетіледі
_____ берілуі керек.

2-қосымша

(Кімге) _____
конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді)
ұйымдастырушының атауы

(Кімнен) _____
(қарымды өнім берушінің атауы)

КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМ

_____ мемлекеттік,
(қарымды өнім берушінің атауы)

сатып алу конкурсына қатысуға арналған конкурстық құжаттардың
пакетін қарап, тауарлар беруді (жұмыстарды орындауды, қызметтер
көрсетуді) жүзеге асыруды ұсынады.

1. _____
егер техникалық ерекшелігі, жоспарлар, сызбалар, нобайлар

_____ және халықаралық және ішкі стандарттарға сілтемелер қажет болса,

_____ оларды қоса беру арқылы ұсынылатын тауарлардың (жұмыстардың,
_____ қызмет көрсетулердің)

_____ техникалық және сапалық сипаттамасын келтіру
2. _____
тауарлардың саны (жұмысын, қызмет көрсетудің көлемі)

3. _____
тауарлар берілетін (жұмыстар орындалатын, қызмет көрсетілетін) жер

4. _____
тауарларды беру (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) мерзімдері

5. Егер конкурстық құжаттамада ондай көзделсе, басқа элементтердің құны көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің бағасының кестесі.

Осы конкурстық өтінімнің (конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес немесе егер конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімнің талап етілген қолданылу мерзімі көрсетілмесе) 19__ жылдың_____ дейін қолданылу мерзімі бар.

қолы, құны

аты-жөні, лауазымы

М.О.

3-қосымша

Конкурстық өтінімнің
БАҒАЛАР КЕСТЕСІ

қарымды өнім берушінің атауы
(теңге)

Көрсеткіштің атауы	Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы		
1. Шыққан елі			
2. Бірліктің бағасы (франко- завод)			
3. Саны (көлемі)			

4. Жалпы бағасы (франко-завод)				
5. Тауарларды елдің ішінде та. сымалдаудың құны				
6. Тауарларды тасымалдау кезінде сақтандырудың құны				
7. Жинақтаушы тетіктердің, мін. детті босалқы бөлшектердің және пайдаланудың бастапқы мерзімінің ішінде қызмет көрсетудің құны				

қолы, күні

аты-жөні, лауазымы

М.О.

4-қосымша

Конкурстық комиссия отырысының хаттамасы

конкурс өткізілетін жер

конкурстың өткізілетін күні

1. Конкурстық комиссия _____ конкурстық комиссияның құрамын атау құрамында мына тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді):

_____ сатып алынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) қысқаша сипаттау

_____ мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс (аукцион, сауда-саттық, тендер) өткізді.

2. Конкурсқа (аукционға, сауда-саттыққа, тендерге) қатысуға мына қарымды өнім берушілерге рұқсат етілді:

конкурстық өтінімдерге берген қарымды өнім берушінің атауы

мен орналасқан жерін айту

3. Конкурса (аукционға, сауда-саттыққа, тендерге) қатысқан қарымды өнім берушілер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын қажетті құжаттарды ұсынды.

4. Конкурса (аукционға, сауда-саттыққа, тендерге) қатысқан қарымды өнім берушілер тауарларды беру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) жөнінде мынадай ұсыныстар тапсырды:

әрбір конкурстық өтінімнің басқа негізгі шарттарының бағасы

мен қысқаша мазмұнын көрсету

5. Конкурстық комиссия конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді) дайындау кезінде конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді) ұйымдастырушы қарымды өнім берушілерден конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді) ұйымдастырушы мынадай түсіндірме берген _____

сауалдарға жауаптардың қорытылған мазмұны жазылады конкурстық құжаттаманы түсіндірулер туралы мынадай сауалдар алынғандығын атап өтеді:

мұндай сауалдардың қорытылған мазмұны жазылады

Бұл ретте конкурсты (аукционды, сауда саттықты, тендерді) ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға мынадай өзгеріс жасады:

егер мұндай өзгерістер болған болса, конкурстық

құжаттаманың өзгерісінің қорытылған мазмұнын беру

6. Конкурстық комиссия ұсынылған конкурстық өтінімдерді қарау

кезінде конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстырудың мынадай өлшемдеріне сүйенді:

конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстырдың өлшемдерін атап айту

7. Конкурстық комиссия қарауға ұсынылған құжаттардың негізінде, ұсынылған конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстырудың нәтижелері бойынша ШЕШТІ:

1). Мына қарымды өнім берушінің конкурстық өтінімі конкурстың (аукционның, сауда-саттықтың, тендердің) жеңімпазы деп танылсын:

аталған конкурстық өтінімді ұсынушы

өнім берушінің атауы мен орналасқан жерін көрсету

Егер конкурстық өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру кезінде барлық конкурстық өтінімдерден бас тартылса, тиісті себебі көрсетіледі.

2) Тапсырысшыға (тапсырысшыларға) _____
әр тапсырысшының

атауы мен орналасқан жерін айту

_____ дейін мерзімде
күнін көрсету, бірақ аталған хаттамаға қол қойылған күннен

бастап 15 күннен артық емес

_____ мен

конкурстық өтінімді ұтып алған қарымды өнім берушінің
атауын көрсету

мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу тапсырылсын.

Конкурсты ұйымдастырушы _____

конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді) ұйымдастырушының
атауын көрсету

конкурстық комиссия отырысының осы хаттамасының көшірмесі мен аталған конкурстық (аукционның, сауда-саттықтың, тендердің) қорытындылары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолдасын;

бұқаралық ақпарат құралдарында өткізілген конкурстың (аукционның, сауда-саттықтың, тендердің) қорытындыларын жарияласын.

конкурстық комиссияның төрағасы мен мүшелерінің қолдары,

аты-жөні, конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді)

жеңіп алған өнім берушінің басшысының қолы, аты-жөні,

деректемелері

5-қосымша

Конкурстық комиссия отырысының
хаттамасы

конкурс өткізілетін жер

конкурстың өткізілетін күні

1. Конкурстық комиссия _____
конкурстық комиссияның құрамын атау
құрамында мына тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді):

сатып алынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)
қысқаша сипаттау

мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс (аукцион, сауда-саттық,
тендер) өткізді.

2. Конкурсқа (аукционға, сауда-саттыққа, тендерге) қатысуға мына
қарымды өнім берушілерге рұқсат етілді:

конкурстық өтінімдер берген қарымды өнім берушінің атауы

мен орналасқан жерін айту

3. Конкурсқа (аукционға, сауда-саттыққа, тендерге) қатысқан
қарымды өнім берушілер тауарларды беру (жұмыстарды орындау, қызметтер
көрсету) жөнінде мынадай ұсыныстар тапсырды:

әрбір конкурстық өтінімнің басқа негізгі шарттарының бағасы

мен қысқаша мазмұнын көрсету

4. Конкурстық комиссия қарауға ұсынылған құжаттардың негізінде,
ұсынылған конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстырудың нәтижелері
бойынша ШЕШТІ:

1). Мына қарымды өнім берушінің конкурстық өтінімі конкурстың
(аукционның, сауда-саттықтың, тендердің) жеңімпазы деп танылсын:

аталған конкурстық өтінімді ұсынушы

өнім берушінің атауы мен орналасқан жерін көрсету

2) Тапсырысшыға (тапсырысшыларға) _____

әр тапсырысшының

атауы мен орналасқан жерін айту

_____ дейін мерзімде
күнін көрсету, бірақ аталған хаттамаға қол қойылған күннен

бастап 15 күннен артық емес

_____ мен

конкурстық өтінімді ұтып алған қарымды өнім берушінің
атауын көрсету

мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу тапсырылсын.

Конкурсты ұйымдастырушы _____

конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді) ұйымдастырушының
атауын көрсету

конкурстық комиссия отырысының осы хаттамасының көшірмесі мен
аталған конкурстың (аукционның, сауда-саттықтың, тендердің)
қорытындылары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігіне жолдасын;

бұқаралық ақпарат құралдарында өткізілген конкурстың (аукционның,
сауда-саттықтың, тендердің) қорытындыларын жарияласын.

конкурстық комиссияның төрағасы мен мүшелерінің қолдары,

аты-жөні, конкурсты (аукционды, сауда-саттықты, тендерді)

жеңіп алған өнім берушінің басшысының қолы, аты-жөні,

деректемелері

6-қосымша

Тапсырысшы отырысының
хаттамасы

тапсырысшының отырысы
өткізілген жер

тапсырысшы отырысының
өткізілген күні

Тапсырысшы _____

тапсырысшының атауын көрсету
мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін _____
тауардың (жұмыстың,

қызмет көрсетудің) атауын көрсету

ШЕШТІ:

1. _____ байланысты
бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілін қолданудың
негізін баяндау

бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдануды;

2. Жалпы сомасы _____
мемлекеттік сатып алу туралы шарттың бағасын
_____ теңгеге
санмен және жазбаша көрсету

_____ мен
мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын өнім берушінің
атауы мен орналасқан жері

мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды _____

сатып алынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)
қысқаша сипаттау

берушінің қолы мен
деректемелері

тапсырысшының қолы мен
деректемелері